

Отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 қарашадағы N 1204 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің " Мұнай туралы " және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" заң күші бар Жарлықтарына сәйкес Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды және Мұнай операцияларын жүргізу кезінде мемлекет мүдделерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды және Мұнай операцияларын жүргізуге жасасылған келісім-шарттардың, өнімді бөлу туралы келісімдердің орындалуына Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде отандық өндірушілердің тауарларын, жұмыстары мен көрсететін қызметтерін міндетті түрде сатып алу туралы заңнама талаптарының сақталуы мәнінде мониторинг жүргізсін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын ақпарат ұсынсын.

2. (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.11.28. N 1139 Қаулысымен).

3. Қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының аумағында Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды (мұнай операцияларын қоспағанда) жүргізу кезінде отандық өндірушілерді тарту және заңнамада белгіленген тәртіппен тауарларды , жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған конкурстарда олардың мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету, озық технологияларды тарта отырып жаңа өндірістер құруда қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарға жәрдемдесу, сондай-ақ тиісті мониторингті жүзеге асыру әрі орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік орындарға консультациялық қызмет көрсету деп белгіленіп, оның жарғылық капиталына даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен "Қазақстандық келісім-шарт агенттігі" жабық акционерлік қоғамы (б ұ д а н ә р і - Қ о ғ а м) құрылсын .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15 N 1201, 2011.01.31 N 62 Қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

- 1) Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастырсын;
- 2) Қоғамның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне Қоғам

акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын берсін;

4) Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекет пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-41-жолмен толықтырылсын:

"21-41. "Қазақстандық келісім-шарт агенттігі" ЖАҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеті үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 237-1а-жолмен толықтырылсын:

"237-1а. "Қазақстандық келісім-шарт агенттігі" ЖАҚ";

3) (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.11.28. N 1139 Қаулысымен).

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі